Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

www.mmg.kz

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№04 (79), мамыр, 2016 жыл

# ҰЛЫ ЖЕҢІС – ҰРПАҚҚА АМАНАТ!







## Құрметті мұнайшылар, қадірменді ардагерлер!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Ұлы Отан соғысы – аға буынның жанқияр ерлігі мен еселі еңбегінің жеңісі. Қаһарман қайсарлықтың хас үлгісін көрсеткен қайтпас рух пен жалынды жігерлерінің жемісі.

Уақыт бізден бұл оқиғаны алыстатқан сайын, жарқын болашақ үшін қасқайып тұра білген Жеңіс солдаттары атқарған тарихи миссияның мән-маңызы да соғұрлым жарқырай бермек. Биылғы Ұлы Жеңіс мерекесі Тәуелсіздіктің 25 жыл, Жетібай кенорнында мұнай көзі ашылған тарихи оқиғаға 55 жыл және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының құрылғанына 50 жыл толған тарихи оқиғалармен орайлас келіп отыр. Біздің мерекеміз Ұлы Жеңістен тамыр тартқан бейбіт күннің жеңіс-жетістігі. Ол Елжандылықтың, жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің Өнегесі.

Бүгінгі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ардагерлерінің сапында 6 Ұлы Отан соғысының майдангері мен 59 тыл еңбеккері бар. Қанды қырғыннан аман оралған **6** майдангер Жеңістің 71 жылдық мерекесін аға буын мұнайшылардың бүгінгі ұрпағымен бірге қарсы алуда. Олар - Қамқа Үмбеталиқызы, Виктор Васильевич Нечаев, Қайыр Қыдырбаев, Николай Григорьевич Скороход, Шарқатбай Қалыбаев, Екатерина Семеновна Семакина сынды бейбіт күннің Батырлары. Жеңістің туын тігіп келіп, 60-жылдары Маңғыстау мұнайын игеріп, шөл даланың атын әлемге танытқан ардагерлерімізге Тағзым!

Бейбіт өмір, ашық аспан, Тәуелсіз ел сыйлаған ардагерлеріміз аман болғай! Сіздер сияқты жеңген, жеңімпаз әкелердің ұрпағы екенімізді әрдайым мақтан етеміз. Компания мұнайшылары атынан Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, бала-шаға бақытын тілейміз, ұрпақтарыңыздың қызығын көріңіздер! Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

# ЕЛБАСЫ МАРАПАТЫ



Үстіміздегі жылдың 15 сәуірінде Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев 20 - наурызда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлау науқанына белсене қатысқаны үшін бір топ жерлестерімізді Қазақстан Республикасы Президенті, «Нұр Отан» партиясы төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың және Маңғыстау облысы әкімінің алғыс хаттарымен марапаттау рәсімін өткізді.

Сайлау науқаны барысында облыстық штаб құрамында белсенді қызмет атқарған компаниямыздың бас директоры Бақыт Иманбаев Елбасымыздың алғыс хатымен салтанатты түрде марапатталды.

Алғыс хатта «Нұр Отан» партиясының халқымыз үшін елеулі оқиға - ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы белесінде жеңіске жетуінің терең символдық мәні бар. Мен мұны Қазақстан-2050 стратегиясын, Ұлт жоспарын және «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жолында ұстанған бағытымызға қазақстандықтардың зор сенім артуының көрінісі деп білемін. Сізге мықты денсаулық, мол игілік және қызметіңізге табыс тілеймін! - делінген.

# ГЛАВА МИНЭНЕРГО ПОСЕТИЛ ЖЕТЫБАЙ

**В рамках рабочего визита в Мангистаускую область Министр энергетики Республики Казахстан Канат Бозумбаев посетил месторождение Жетыбай. В поездке главу Минэнерго сопровождал аким Мангистауской области Алик Айдарбаев.**




В ходе презентации Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев, подробно ознакомил гостей с итогами производственной и финансово-хозяйственной деятельности компании за минувший год и первый квартал текущего года. В частности он проинформировал Каната Бозумбаева, о текущем состоянии запасов нефти и газа на месторождениях, состоянии фонда скважин, планах по внедрению новой техники и технологий, рассказал о работе, проводимой в рамках социально-экономического развития региона и многое другое.

По итогам совещания Министр энергетики РК Канат Бозумбаев в целом положительно оценил деятельность АО «Мангистаумунайгаз» и пожелал компании дальнейших успехов.

В свою очередь аким Мангистауской области Алик Айдарбаев, подчеркнул, что АО «Мангистаумунайгаз» - это стабильное градообразующее предприятие, которое эффективно справляется с производственными задачами, и четко исполняет взятые на себя социальные обязательства.

# КАДРОВЫЕ ПЕРЕСТАНОВКИ В РУКОВОДСТВЕ АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»

**29 апреля в Алматы состоялось заседание Совета директоров акционерного общества «Мангистаумунайгаз». В заседании приняли участие Председатель и члены Совета директоров, представители АО «НК «КазМунайГаз» и «CNPC», а также руководство АО «Мангистаумунайгаз».**

В ходе заседания участники обсудили текущую производственную и финансово-хозяйственную деятельность АО «Мангистаумунайгаз».

Кроме того, решением Совета директоров были досрочно прекращены полномочия первого заместителя Генерального директора г-на Сунь Синьюня. Единогласным решением Совета директоров первым заместителем Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» назначен г-н Пэй Цзяньшэн.



Пэй Цзяньшэн родился 24 октября 1962 года в КНР.

С 1980 по 1985 годы проходил обучение в Университете Цинхуа (г. Пекин), на факультете радиотехники, по специальности «микроэлектроника» (инженер-бакалавр).

В 1986 году окончил магистратуру института экономики и управления Университета Цинхуа, по специальности – «управление предприятием».

С 1986 по 1991 годы по направлению Госкомитета КНР проходил обучение в аспирантуре Московского института управления имени С.Орджоникидзе СССР, по специальности – «экономика, управление и организация в машиностроительной промышленности».

Кандидат экономических наук СССР.

С марта 2012 года по настоящее время – заместитель генерального директора Дирекции «CNPC Kazakhsntan».

С 11 ноября 2015 года по настоящее время – член Совета директоров АО «Мангистаумунайгаз».

С 28 апреля 2016 года – Первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз».

# БОЛЬШОЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЕ СПАСИБО!!!

## *Уважаемый Бакыт Алтаевич, уважаемые коллеги!*



К большому сожалению я не смог попрощаться с Вами лично, и решил написать это прощальное письмо, выразить Вам свою самую искреннюю благодарность!

Я приступил к работе в АО «Мангистаумунайгаз» 25 ноября 2009 года, и до сегодняшнего дня проработал 6,5 лет - эти годы для меня стали одними из самых незабываемых в жизни.

За эти годы для меня было большой честью работать с такими личностями как г-н М.И.Курбанбаев, г-н А.С.Айдарбаев, г-н А.М. Магауов, г-н М.Д. Досмухамбетов, г-н Б.А. Иманбаев, и конечно же с большим многотысячным коллективом ММГ. Я делал все возможное, чтобы внести свою лепту в развитие нефтегазовой промышленности Казахстана, развитие Мангистауской области, развитие Общества, упорно работал в интересах всего коллектива ММГ и двух акционеров - КМГ и CNPC.

За 6,5 лет мы значительно увеличили уровень заработной платы и социальное обеспечение работников, улучшили условия жизни их семей. Мы вкладывали много средств, построили и реконструировали на нефтепромысле операторные, общежития, столовые, тренажерные залы и автодороги, в результате чего были значительно улучшены условия труда и быта работников. Все эти годы мы активно внедряли новые технологии и технику. В частности, успешно применили метод горизонтального бурения скважин и полимерное заводнение, с помощью которых нам удалось существенно увеличить объем добычи нефти, что позволило ММГ стать третьим по величине, по объему добычи среди нефтяных компаний Казахстана.

Наша политика по эффективному использованию выделенных средств и своевременные меры по оптимизации затрат позволили ММГ, при текущей низкой цене на нефть, остаться единственной прибыльной компанией в группе компаний АО НК «КазМунайГаз». Ежегодно мы инвестируем средства на поддержку областного, городского и районного акиматов для улучшения жизненных условий жителей всей области. На сегодняшний день ММГ является лучшим работодателем во всей Мангистауской области и одной из самых авторитетных компаний Казахстана. Я искренне горжусь теми достижениями которые за 6,5 лет достиг наш дружелюбный коллектив!

С первых же дней работы в ММГ наши казахстанские и китайские коллеги проявляли друг к другу взаимное уважение, оказывали ощутимую поддержку, активно сотрудничали, и таким образом внесли большой вклад в дружбу Китая и Казахстана, расширили масштабы экономического сотрудничества двух стран! За это время, я узнал много полезного у своих казахстанских коллег, многому у них научился. Казахи гостеприимные, честные, трудолюбивые и позитивные люди, особенно я зауважал адайцев - людей открытых и прямодушных. Вы мне оказывали большую поддержку и научили терпимости. Пользуясь этой возможностью, позвольте выразить Вам искреннюю сердечную благодарность!

Хочу также выразить особую благодарность г-ну Б.А. Иманбаеву, я имел честь работать вместе с ним на протяжении последних 2,5 лет, я его очень уважаю. Мало того что он выдающийся специалист в области нефти и газа, он также является отличным управленцем. Сколько я помню, Бакыт Алтаевич всегда приходил на работу в офис одним из самых первых и уходил почти всегда последним, не считая выходных дней. У него очень открытый ход мыслей, и он всегда ратует за применение новых технологий, идей и методов управления, способствующих развитию ММГ. Всегда следит за улучшением условий труда и жизни работников и их семей. Он также умеет брать на себя инициативу по улучшению связей с китайскими партнерами. Я научился многому у г-на Иманбаева, а также получил огромную поддержку с его стороны, в этой связи, хочу искренне поблагодарить его!

Также хотел бы выразить свою искреннюю благодарность г-ну Айдарбаеву и г-ну Магауову, так как они внесли значительный вклад в развитие ММГ, проявляли заботу к своим сотрудникам, переживали за судьбу области и страны. Своими делами и поведением они заслужили мое уважение и почет! Я научился многому у них, получил огромную помощь и поддержку, и хочу также поблагодарить их!

Хотел бы также поблагодарить руководителей областного, городского и районных акиматов, за большую поддержку, оказываемую все эти годы! Особенно хочу поблагодарить двух акционеров – КМГ и CNPC за доверие и оказанную поддержку! Отдельная благодарность Министерству Энергетики, Комитету геологии и недропользования, Ассоциации KAZENERGY за большую помощь и поддержку!

Не могу не сказать слова благодарности в адрес многоуважаемых ветеранов Мангистауской области. Спасибо вам за мудрые советы и поддержку!

Спасибо АО «КазНИПИмунайгаз», ТОО «Актаунефтесервис», ТОО «Инженерная Буровая Компания «Си Бу» (Актау) и многим другим сервисным компаниям, АО «Каражанбасмунай» и другим братским организациям за большую поддержку и помощь!

И, конечно же, самая большая благодарность – всему коллективу АО «Мангистаумунайгаз», всем сотрудникам и коллегам. Для меня была большая честь работать бок о бок с Вами. Мы вместе достигли больших побед, все эти годы вместе радовались достижениям! Я не буду перечислять имена людей, с которыми мне посчастливилось работать, я просто скажу Вам – большое человеческое спасибо!!!

Сегодня для дальнейшего развития компании уже заложен прочный фундамент, я уверен, что новый руководитель ММГ со стороны CNPC, достойно справится с поставленными задачами, и будет вместе с Вами развивать ММГ - как лучшую и наиболее уважаемую казахстанскую нефтегазовую компанию!

Я искренне желаю всем сотрудникам ММГ крепкого здоровья, семейного счастья, успехов в работе и в личной жизни!

АО «Мангистаумунайгаз» только вперед!

**Искренне Ваш,**
**Сунь Синъюнь**

*1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні!*

# ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТҰҒЫРЫ – ТАТУЛЫҚТА

**1 мамыр - бірлік пен берекенің, шаттық пен мерекенің, ырыс пен ынтымақтың мейрамы. Майлы қиян Маңғыстауда тағдырларын мұнай тоғыстырған, дүниенің төрт бұрышынан жиналған ұлт пен ұлыс қатар өмір сүргелі жарты ғасыр айналды. Салт-дәстүр, діл, дәп тамырласты. Үлкеннің де, кішінің де жалғыз тілегі бар. Ол – тыныштық. Мереке күндері редакция тілшілері компания қызметкерлерімен тілдескен болатын.**




**Амир Хамитов** - *экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы, татар ұлтының өкілі:*

- Мен бүгінгі мерекені Қазақстан үшін ұлы күндердің бірі деп санаймын. Маңғыстау өңірінде екі мыңға жуық татар тұрамыз. Ел заңнамасына сай еңбек етіп, құқығымыз тең қорғалуда. Ешкімнен қағажу көргеніміз жоқ. Біле-білсек, бұл – Қазақстандағы барша этностардың тілін, ділін сақтап, ұлтына, нәсіліне қарамай, оладың тең құқылы екенін әйгілей отырып, барлығын ел иесі – қазақтың маңына біріктіріп, Көк байрақтың астында ынтымақты сақтай білгендіктің жемісі. Сондықтан өз қандастарымның атынан айтарым тек алғыс. Дархан жүректі, көңілі даласындай кең қазақ жерінен пана тауып, еңбек етіп, ұрпақ өсіріп өркендеп отырғанымыз ынтымақтың арқасы. Мереке құтты болсын ағайын!

**Атағозы Ботағараев - Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген энергетик, ардагер-мұнайшы:**

- Еліміз тыныш, халқымыз бірлікте болып, бейбіт жолмен қол жеткізген тәуелсіздігімізді ынтымақпен қорғай білейік. Азат елдің іргесін нығайтып, еңсесін тіктеген аға ұрпақ жетістіктерін одан әрі жалғастыру - жастардың міндеті. Бұл – ынтымағын жарастырып, бірлігін бекемдей алған, татулығы мен тыныштығын тұғыры ете білген елдің ғана қолынан келетін ұлы шаруа. Сондықтан, осы мерекені қазақстандықтарға жыл сайын қуанышты көңілмен атай беруге жазсын!

**Джамалутдин Акаев** - *Ішкі және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы, құмық ұлтының өкілі:*

- Бүгінгідей мерекеде ақжарма ақ тілегімді Елбасының «біз бәріміз – біртұтас қазақ халқының әртүрлі әрі тең балаларымыз» деген сөзімен бастағым келеді. Өзге ұлт өкілдеріне ұдайы қамқор көзбен қарап, оларға қара ағаштай пана, бәйтеректей сая болып келген қазақ халқына ризамын. Қиын кезде бәрімізді бауырына басты, өмірімізге тыныштық сыйлады. Бірлікке жетер ештеңе жоқ. Көп біріксе, көкке де қол жетер деген осы!

**Елтай Тұрбергенов** - *"Жетібаймұнайгаз" өндірістік басқармасының пайдаланыстағы жабдықтарды жөндеу прокаттау цехының слесарь-жөндеушісі, жас мамандар Кеңесінің төрағасы.*

- Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Біздің жалғыз ғана Отанымыз бар. Оның ертеңі, келер ұрпақтың бақытты болашағы – атадан балаға жеткізілген Аманат. Ал аманаттың атан түйенің белін үзетіндей зор салмағы, ерен жауапкершілігі бар. Ендеше аманатқа адал болайық! Ынтымағымыз бен ырысымыз артсын. Бейбітшілігіміздің бесігі шайқалмасын.

**Даурен Хамидоллаев** - *"Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасының мұнай және газ өндіру цехының операторы, жас мамандар Кеңесінің төрағасы:*

- Жас пен жастың тілегі бір,

Ынтымақтың білегі бір - демекші, бірлік пен ынтымақ бар жерде – алынбайтын қамал, шықпайтын шың, аспайтын асу жоқ. Бүгінгі мереке егемендігіміздің еңсесі тіктелгенін еске салса, алдымыздағы қос бірдей мереке, бірі – Отан қорғаушылар күні болса, екіншісі – Жеңіс мерекесі оқ пен оттың ортасында ел үшін жан қиған абыз-ардагерлеріміздің ерен ерліктерімен қымбат. Еліміздің ынтымағы мен бірлігі ыдырамай, жастардың ауызбіршілігі жарассын деп тілеймін. "Татулықпен жан семіреді, татулықпен көңіл өседі" деген осындайда айтылса керек. Мереке құтты болсын!

**Хэ Инь** - *заместитель директора департамента по связям с общественностью*

- Поздравляю всех жителей с Днем единства народа Казахстана. Хочу сказать, что Казахстан – за то недолгое время, что я здесь работаю, стал мне ближе. Здесь очень гостеприимный и дружелюбный народ. Пусть Первомай сплотит нас еще крепче. Пусть каждый из нас бережет и приумножает традиционные ценности взаимного уважения и дружбы. От всей души желаю Вам крепкого здоровья, счастья и благополучия каждой семье, дальнейшего процветания Республике Казахстан!

**Жақсылық Тәженбайұлы** - *«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау және өңдеу цехының учаске бастығы:*

- Бүгінгі мереке бүкіл ұлт пен ұлыстың ынтымағын ұлықтайтын күн. Бірлік берекелі болса, қазақтың қазаны ортаймайды. Әрбір жетібайлық мұнайшылар үшін алғашқы мұнай бұрқағының атқылауы – тарих. Биыл осы айтулы оқиғаға 55 жыл, өндірістік басқарманың құрылғанына 50 жыл. Менің бүкіл саналы ғұмырым «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында өтіп келеді. Біздің мекеменің әр жеткен жетістігі - еліміздегі тұрақтылық пен тыныштықтың арқасы деп білемін. Ұжымда ынтымақ болса, ырыс молаяды. Төрт құбыламыз түгел, бірлігіміз берік болса ризық-несібе әрқашан таусылмайды. Бүгінгі мейрам әрбір шаңыраққа жақсылық әкелсін. Мереке құтты болсын!

---

*Ішкі коммуникация*

# КЕНОРЫНДАРЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Бақыт Иманбаев 2016 жылдың 20-шы сәуірінде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы, ал 2016 жылдың 26-шы сәуірінде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы еңбек ұжымдарымен есептік кездесу өткізді.

Қос кездесуде Бақыт Иманбаев ұжымдастарына табысты еңбектері үшін алғысын білдірді. Әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуінен туындаған экономикалық дағдарысқа байланысты шығындарды азайтуға тура келгенімен, мұнай өндірудің деңгейін түсірмеу үшін барлық қажетті шаралардың алынғанын, компания қызметкерлерінің алдындағы әлеуметтік міндеттемелердің орындалып, жұмысшылардың жалақылары мен әлеуметтік пакет төлемдерінің уақытылы төленіп жатқанын, қиындықтарға қарамастан барлық қызметкерлердің жалақыларын индексациялауға қол жеткізілгенін айтты. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамындағы әлеуметтік ахуалдың деңгейін анықтап отыруға мүмкіндік беретін «ARTA synergy» әлеуметтік мониторинг электрондық бағдарламасының енгізілгені туралы қызметкерлерді хабардар етіп, еңбек ұжымындағы ынтымақ пен келісімнің сақталуы жолында атқарылып жатқан істердің маңыздылығы жоғары екенін айрықша атап өтті.

Бақыт Алтайұлы жиналғандарға кәсіподақтармен кездесуде қойылған мәселелерді шешу жолдары жайында, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің ішкі коммуникация құралдары арқылы қойып жатқан сұрақтары және олардың шешімдері туралы баяндап берді.

Жетібай кенорнында өткен есептік кездесуде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Жолдасбек Ешманов 2016 жылдың 1-ші тоқсанында атқарылған жұмыстар туралы есеп беріп, өндірістік басқарма қызметкерлерімен 2016 жылдың 14-ші қаңтарында болған кездесуде жұмысшылар қойған сауалдардың орындалуы туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар, кәсіподақ төрағасы Талғат Айдынов ағымдағы жылдың 1-ші тоқсанында атқарған жұмыстары, алға қойған мақсаттары туралы баяндап, еңбек ұжымына кәсіподаққа көрсетіп отырған сенімдері үшін алғысын білдірді.

Бақыт Алтайұлы жас мамандардың кәсіби дайындықтарын шыңдау үшін ұзақ жылдар қызмет атқарып келе жатқан аға буын мамандардың өндірістік ұстаздық ету тәжірибесін енгізу қажеттігін атап көрсетіп, құзырлы департаменттер басшыларына «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлері балаларының жазғы демалыстарын ұйымдастыру, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы жатақханаларындағы төсек орындарын жаңалау, дәрігерлік амбулаториясын қажетті дәрі-дәрмектермен уақытылы жабдықтап тұру туралы тапсырмалар берді.

Қаламқастағы кездесуде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Сәрсенбай Нұрпейіс кенорнының бүгінгі қуаты, экономикалық көрсеткіштері, жаңа технологияларды енгізу бағытында қол жеткен жетістіктер жөнінде баяндама жасады. Сондай-ақ, желілік басшылардың еңбек ұжымдарымен есептік кездесулерінде қызметкерлер көтерген сұрақтардың, проблемалық мәселелерді шешу бағытында басқарма тарапынан атқарылған шаралардың орындалуы жөнінде ақпарат берді.

Компания бірінші басшысы Бақыт Иманбаев мұнайшылар тарапынан түсіп жатқан сұрақтарға тоқталды. Атап айтқанда, еңбекке ақы төлеу бірегей жүйесінің талаптарын түсіндіріп, жұмысшы мамандықтарының категориясын көтеру шараларын алуды тапсырды. Сондай-ақ балалардың жазғы демалысы, емханаларды дәрі-дәрмекпен қамтудағы кідірістерді жою, тұрмыстық қамту бағытында мәселелерді қаржыландыру бағытында Басқарма мүшелері нақты тапсырма алды.

Жиналыста мұнайшылар көтерген жай – түнгі ауысымға берілетін тағамдардың сапасының төмендігі. Бақыт Алтайұлы жедел түрде мұнайшылардың, кәсіподақтың және әлеуметтік қамту саласының мамандарының біріккен комиссиясын құрып, жедел түрде мәселені анықтап, шешімін алуды тапсырды.

# КӘСІПОДАҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС НЫҒАЮДА



2016 жылдың 12 сәуірінде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директоры Бақыт Иманбаев компания кәсіподақтары өкілдерімен кездесті.

Кездесуге кәсіподақ тарапынан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы кәсіподақ комитетінің төрағасы Талғат Айдынов, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы кәсіподақ комитетінің төрағасы Тарғын Мысамбаев, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы кәсіподақ комитетінің төрағасы Бердібек Қуатбай, ал жұмыс беруші тарапынан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының орынбасарлары Мұрат Асабаев, Нұрсерік Кудереев, Жетібай Төлеғожаев және акционерлік қоғамның мүдделі басқармалары басшылары мен жауапты қызметкерлері қатысты.

Кездесудің күн тәртібіне «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымдық келісім шарттарын орындауы, жұмыскерлердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері бойынша көтерген сұрақтары, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау туралы, компания нысандарындағы еңбек тәртібінің жағдайы, акционерлік қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік жеңілдіктер мен компенсациялар беру мәселелері қойылып, егжей-тегжейлі талқыланды.

Бас қосу нәтижелері бойынша акционерлік қоғамның кәсіподақ комитетінен 2016 жылдың 1-ші тоқсанында әлеуметтік төлемдер бойынша ұжымдық шарттың орындалуын қадағалау, мұнайшылар балаларының жазғы демалысын сауықтыру лагерьлеріне жолдамалармен қамтамасыз ету мәселелерін шешу, қаржы дағдарысына орай акционерлік қоғам қызметкерлерінің балаларын оқытуға бөлінетін қаржының екі есеге қысқартылуына байланысты шығынды ұлғайту бойынша ұсыныс дайындау сұралды. Сондай-ақ, жас мамандардың кәсіби біліктілігін көтеру және зейнеткерлікке шығып жатқан кадрларды алмастыру мақсатында тәлімгерлік арқылы кадр резервін жасақтау ісін ұйымдастыру, жас мамандарға ұстаздық еткен қызметкерлерге 10% үстеме ақы төлеу мүмкіндігін қарастыру мәселелерін бірлесе отырып шешу бағытында жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берілді.

Ішкі коммуникациялар құралдарының бірі болып табылатын компания бірінші басшысының кәсіподақтармен бас қосуы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ішкі коммуникацияларының Ережесіне сәйкес әр тоқсан сайын өткізіліп тұрады.

*(Соңы. Басы 4-бетте )*

# ӨРЕН

*(очерк)*

Осы Өзен кен орнында еңбек еткен кезінде Өрекең Өтепқали Тәжіғалиев, Нұрлыхан Бекбосынов, Юрий Сергеевич Корчагин, Мұрат Саламатов, Махамбет Батырбаев, Мақсат Боранбаев, Құрақ Тілеуқұлов сияқты талай тарлан мұнайшылардан тәлім алды, олардан көп нәрселер үйреніп, өміріне азық боларлық өте бағалы, бай тәжірибе жинақтады. Өрен Сағындықұлы басқарған Өзендегі №3 мұнай-газ өндіру цехынан Социалистік Еңбек Ері Смағұл Жалғасбаев, «Еңбек даңқы» орденінің екі мәрте иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, СОКП XXVI съезінің делегаты Ақжан Қадымова, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» белгісі» ордендерімен марапатталған, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәбит Әбенов, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Қаржаубай Сеңгірәлин, т.б. көптеген республикамызға белгілі еңбек озаттары шықты.

«Өзенмұнайгазда» өндірістің талай қиын сынағынан өтіп, шеберлігі шыңдалған Өрекең өзінің еңбекқорлығымен және кәсіби біліктілігімен басшылардың көзіне түсіп, 1984 жылдың аяғында Қаламқас кен орнына, сол кездегі «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасына бас инженер болып тағайындалды. Ол келген кезде басқарма басшысы кейін екі дүркін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған, Грозный мұнай институтының түлегі, байырғы мұнайшы Дмитрий Александрович Горюнов еді. Кеңестік кезеңдегі тәртіп бойынша бас инженерлік номенклатуралық қызмет болып есептелетін. Оны бекіту үшін аудандық партия комитетінің, министрліктің келісімі керек. Үміткер маман бұл қызметке алдымен министрдің орынбасарларының бірінің қабылдауында болып, оған дейін жан-жақты тексеруден өтіп барып тағайындалатын. Ол кезде Қаламқас кен орны қарайтын Мұнайлы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Зейнолла Алшымбаев еді.

«Мені сол кісіге таныстыруға алып барды. Қақаған қыстың кезі, желтоқсанның қақ ортасы. Дәл сол уақытта Қаламқаста бір келеңсіз жағдай болды. Барсақ, Қаламқастағы кәсіпшілікте түтін шығып жатыр. Сөйтсек, біреулер жұмысқа балаларын ертіп әкелген екен. Вагон өртеніп, бір-екі бала сол вагонның ішінде қалып қойып, қаза тауыпты. Бала баруға болмайтын өндіріске жұмысшылар қалай балаларын алып келіп жүр? Неліктен мұндай көзжұмбайлыққа жол берілген? Сұрақтар көп, мәселе де өткір. Содан хатшының да, бастықтардың бәрінің де айтқаны – тезірек техника қауіпсіздігі саласын жіті қолға алу, осы саланы қатаң қадағалау, жұмысты содан бастау жөнінде болды. Бірақ енді кейін «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» дегендей, бәрі де жақсы болып кетті ғой», - дейді Өрекең.

Қарап отырсаң, Өрен Сағындықұлының жаңа мекемедегі алғашқы жұмыс күндері кілең осындай қолайсыз жағдайлармен басталып, бірақ кейін түбі қайырлы болып, жақсылықпен жалғасып кететін сияқты. Оған «Өзенмұнайгаздағы» еңбек жолын бастаған сәті Р.Өтесіновтің апатқа ұшырап, кәсіпорынның кадр мәселесінде сәл-пәл дағдарып қалған кезеңімен тұспа-тұс келгені дәлел бола алады. Осының бәрі «Көтере алады ғой деп, нарға салдым салмақты» дегендей, Алла Тағаланың атпал азаматты алдын-ала ауыр сынақтан өткізіп барып, артынан жарылқайтын кезекті бір кезеңдері секілді болып көрінеді.

Ол Қаламқаста 28 жыл жұмыс жасады. 43 жылдық бүкіл еңбек өтілінің 15 жылы Өзенде, қалғаны осы Қаламқаста өтті. 1984 жылдан бастап 1992 жылға дейін бас инженер, сосын Д.А.Горюнов пен Ләззат Кетебайұлы Қиыновтан кейін басқарма бастығы болды. Жалпы, «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасын 12 жылдан астам уақыт, ең көп басқарған адам – осы Өрен Сағындықұлы. Мұның өзі оған деген сенім мен жауапкершіліктің, ол атқарған ұланғайыр қызметтің қаншалықты ауқымды болғанын білдіреді. Оның үстіне ол басқарған кезең халықтың әлеуметтік әл-ауқаты тым төмен, елдегі экономикалық жағдай да өте бір қиын уақыт еді. Ақша жоқ, техника мен қосалқы бөлшектер жетіспейді, тағысын-тағы таусылмайтын проблемалар аз емес-ті. Сондай қиын уақытта қарамағында жұмыс істеген 1600-дей адамның қас-қабағын бағып, олардың жай-жағдайын жасап, барлығын бір кісідей жұмылдырып, жұмыс жасата білу оңай міндет емес. Айта берсе, әңгіме көп. Талай тар кезеңдер, жүйке мен жүрекке жүк түсірген ауыр жағдайлар болды. Сол қиын жағдайлардың бәрінен Өрекең жастығы мен денсаулығының жартысын беріп, бірақ абыроймен, аман-сау өтті.

Ол «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасына басшылық еткен жылдары кен орнында мұнай өндіру көлемі жылына 5,5 млн. тоннаға жетіп, өндіріске көптеген жаңа техникалар мен технологиялар енгізілді, кәсіпшілік аралық асфальт жолдар, кен орнын теңіз суынан қорғайтын бөгет құрылысы салынды. 2007 жылдың қыркүйек айында өндірілетін өнімнің құрамындағы қабаттық суды мұнайдан айыратын Алдын-ала суды айыру қондырғысы (АСАҚ) пайдалануға берілді. Бас-аяғы бір жарым жылдың ішінде іске қосылған қондырғының жалпы құны – 5 миллиард теңге, тәуліктік өнімділігі 60 000 текшеметрлік қосалқы стансасы бар. Бұл қондырғы мұнай құрамындағы су мөлшерін 95 пайызға дейін айырып, тазалап, бөлінген суды жер астына – қабат қысымын ұстау жүйесіне жіберіп тұрады. 2009 жылдың күз мезгілінде әрқайсысының өндірістік қуаты тәулігіне 1 миллион текшеметрлік, екі тең бөліктен тұратын Табиғи газ дайындау қондырғысының құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Соның арқасында күні бүгінге дейін кен орнында өндірілген газды тек кәсіпорынның өзі ғана емес, «Қаражанбасмұнай», «Жалғызтөбемұнай», Солтүстік Бозашы, «ҚазТрансОйл» компаниялары да сатып алып, өндірістік қажеттіліктеріне жаратып келеді.

Ол келген кезде Қаламқаста бар болғаны 7-8 топтық қондырғы бар еді, артынан олардың саны 40-қа дейін жетті. Мұнай өндіретін ұңғылар саны 700-ге жетпейтін, нақтырақ айтқанда, 669 өндіруші, 135 айдаушы ұңғыма бар еді. Өрекең қызметтен кеткен кезде өндіріс алаңында 2 мыңнан астам ұңғы болды. Жалпы, Қаламқас кен орнының ең көп мұнай берген кезі – 1987-88 жылдар. Ол кезде кәсіпшілік жылына 5 миллион 360 мың тоннаға дейін мұнай өндірді. 2005 жылы 6 шілдеде Қаламқас кен орны игеріліп басталғалы бергі уақыт ішінде 100 000 000 (жүз миллионыншы) тонна мұнай өндірілді. Ал 1997-98 жылдарға қарай, «Маңқыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамын индонезиялық «Сентрал Азия Петролеум» компаниясы сатып алар қарсаңда мұнай өндіру көлемі 3 миллион тоннаға дейін түсіп кетті. Мәселен, 1998 жыл бойына бүкіл «Маңқыстаумұнайгаз» АҚ-ның өндірген мұнайы 3 миллион 387 мың тоннаға әзер жетсе, соның ішінде «Жетібаймұнайгаз» өндіру басқармасының үлесі небәрі 613,5 мың тонна ғана болды. Тіпті «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасында жұмыс тоқтауға сәл-ақ қалған кездер де болды. 13-14 айға дейін жұмысшылардың жалақысы төленбей, айлап-жылдап еңбекақы алмаған мұнайшылар ереуілге шығып, жұмыс істеуден бас тартты. Өрекеңнің жоғарыда айтқан, қарамағындағы халыққа жалақы төлей алмай, қатты қиналатын кездері – осы тұс. Кейін бәрі де орнына келді, өндіріс ырғағы қалыпқа түсті. Ал қазіргі таңда Қаламқас кен орны жылына 4 миллион тоннаның үстінде мұнай беріп тұр. Соңғы 7-8 жылдың ішінде Қаламқастан тәулігіне 11 жарым мың тонна мұнай өндіріледі. Мұнайшылардың түсінігі бойынша, ұзақ жылдар бойы мұндай деңгейді түсірмей, ұстап тұру – үлкен жетістік, үздік көрсеткіш. Өрекең Қаламқастағы қызметінен кеткелі де 5 жыл болды. Әріптестері ол бастаған істерді лайықты жалғастырып, кәсіби біліктілік танытуда.

Бүгінде Қаламқастағы жағдай да өзгерген, ол басқарған кездегіге қарағанда арасы жер мен көктей. «Қазір енді бұрынғыға қарағанда жағдай жақсы ғой. Мен келген кезде Қаламқаста мұнайшылардың жатқан жері, олардың тұрмысы, кешке жұмыстан келгенде демалатын жерлері де өте нашар еді, қазіргімен салыстыруға келмейтін. Қазір қалада тұрғанмен бірдей болды. Барлық жағдай жасалған. Бұрын жатқан жері, киім кептіретін жері, жылуы – бәрі аядай тар бір бөлменің ішінде болатын. Шынын айту керек, жұмыста жүргесін, жұмысшының аяғындағы етігі суға түседі, балшық кешеді. Ол шұлғауды, шұлықты таңертеңге дейін кептіру керек. Қайда жаяды? Далаға жая алмайсың. Жуынатын жері де, кептіретін жері де, демалып, ұйықтайтын жері де – бәрі де бір бөлменің ішінде. Тек тамақ ішетін жері ғана бөлек. Соның бәрі қазір түзелді. Жұмыс жасауға мүмкіндік мол. Адам жағдайы жақсарған сайын үсті-үстіне талап-тілегі де күшейе береді ғой. Ол дұрыс та шығар. Себебі, заман өзгеріп келе жатыр. Жақсы тұрмысты бәрі де жақсы көреді. Жан-жағына қарайды. Сұранысы да, талабы да көбейеді. Олардікі де дұрыс. «Баяғыда мен қой баққан екенмін» деп, қой бағып жүре беруге, «жертөледе тұрған екенмін» деп, қазір де жертөледе тұра беруге болмайды ғой. Бұрын атпен жүрсе, қазір машинамен жүргісі келеді. Машинаның да бұрынғыдай «Жигули» немесе «Волга» емес, «Мерседес» пен «Тойотасын» мінгісі келеді. Ол да дұрыс. Мүмкіндік болып жатса, қолынан келіп жатса, оған не жетсін?!» - дейді Өрен аға.

«Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасының басшылығынан кейін Өрекең «Маңқыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік-техникалық бөлімінде Қаламқас кен орны жөніндегі жауапты маман, бөлім бастығы болып бір-екі жылдай жұмыс істеді. Кейін Қаламқастағы басқармаға бастықтың орынбасары, сосын қайтадан бастық болды. Сосын «Маңқыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының кеңесшісі қызметін атқарды. 2011 жылы құрметті демалысқа шықты. Зейнеткерлікке шықса да, үйде қол қусырып қарап отырған жоқ. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті оқу-әдістемелік кешенінің меңгерушісі болып жұмыс жасап жүр.

Ел үшін еткен еңбек, төгілген тер есесіз кеткен жоқ. Марапат пен мақтау, алғыс пен құрмет болып қайтарылды. «Ерен еңбегі үшін» және «Еңбек ардагері» медальдарының иегері болып, Кеңес Одағы кезінде Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Кеңесінің (КБОК-ВЦСПС-тің) «Құрмет грамотасымен», Қазақстан Тәуелсіздігін алғаннан кейін – 2001, 2009 жылдары ел Президентінің «Алғыс хаттарымен», облыс және мекеме әкімшіліктерінің «Құрмет грамоталарымен», «Алғыс хаттарымен» марапатталды. «Өзен кен орнына – 40 жыл», «Қазақстан мұнайына – 100 жыл», «Маңқыстау мұнайына – 50 жыл», «Маңқыстау облысына – 35 және 40 жыл» төсбелгілеріне ие болды. Есімі мен өмірбаяны 1999 жылы шыққан «Қазақстан мұнай энциклопедиясына», 2008 жылы шыққан «Маңқыстау» энциклопедиясына, 2009 жылы жарық көрген «Қазақстанның үздік адамдары» энциклопедиясының бірінші басылымына енгізілді. Биыл «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» атағына ұсынылып отыр.

Өзінің күнделікті қызметтік міндетіне қоса қоғамда болып жатқан әртүрлі өзгерістерге де белсене араласқан Өрекең 1989-1994 жылдар аралығында Ақтау қалалық кеңесінің, 2004-2007 жылдар аралығында Маңқыстау облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды. Елінің жоғын жоқтап, мұңын мұңдап, биік мінбелерден өңіріміз үшін өзекті мәселелерді батыл көтере білді.

Өрекең – осы өңірдің өркендеп, дамуына бір кісідей үлес қосып, еңбек сіңірген, бұл өлкенің арғы-бергі тарихы туралы айтары бар азамат. «Өзенмұнайгаз» бен «Маңқыстаумұнайгаз» оның көз алдында өсіп, гүлденді. Бұл – тек өлкенің өндіріс жағы ғана. Ал оған қоса осы түбектің басқа да салалары көз алдында жайқала жайнап, жанданып өсті. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Өрен Сағындықұлын «Маңқыстау өңірінің көзі тірі шежіресі» деуге де болады.

«Ұлық болсаң – кішік бол!» деген аталар аманатын ұстанған Өрекең халық игілігі үшін қанша еңбек етсе де, қарапайым қалпынан бір жаңылған емес. «Қазір кейбіреулер «Мен тек халық үшін жұмыс жасадым» деп кеудесін соғады. Ол дұрыс емес деп ойлаймын. Меніңше, әркім бірінші өзі үшін жұмыс жасайды. Мәселен, «Мен әуелі еңбек жолымды бастағанда бірден халық үшін жұмыс істедім» деп өтірік айта алмаймын. Бірақ менің жасаған жұмысым кейін халыққа пайдасын тигізді. Негізінде, әркім алдымен өзінің құт қара басы үшін немесе отбасын асырау үшін еңбек етеді. Сол арқылы халыққа пайдаң тиіп жатса, сонда ғана «Халық үшін жұмыс жасадым» деп айта аласың. Қаншалықты нәтижелі еңбек етсең, соншалықты халыққа пайда келтіресің. Сондықтан олай деп өтірік мақтана алмаймын», - дейді ол.

Өрекең – өнегелі отбасы иесі. Зайыбы Айсұлу Жолболдина – мұнай барлау саласында ұзақ жылдар бойы жұмыс істеген, «Маңқыстаумұнайгазбарлау» тресі алғаш құрылған кезде кадр бөлімін басқарған, кейін техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы болған елге сыйлы азамат Мұханмеди Жолболдиннің қызы. Қазір Құрықта Мұхаңның атында демалыс саябағы бар. Осындай айтулы азаматтың перзенті, Орта Азияға ойлы «Шежіресімен» танылған халық ақыны, жаназасын 38 молда қатар тұрып шығарып, 2 мыңнан астам адам иманға ұйыған Ыбырайым ахун Құлбайұлы (1886-1982), Сүйінқара, Шабайлармен жорықтас болған Сәнкібайұлы Сүгір батыр (1780-1875), кемеңгер Кекілбаевтың шығармасына кейіпкер болған, бүкіл Маңқыстаудың Қараойы мен Үстіртінің үстінде ол қазбаған құдық қалмаған Құлшарұлы Бейнеубай (1864-1937) құдықшы сияқты белгілі кісілер шыққан Қараш ауылының қызы Айсұлу әкесінің көрсеткен өнегесін, анасының берген тәрбиесін жастайынан бойына сіңіріп өсті. Ол Шымкенттегі технологиялық институттың мұнай мен газды өңдеу факультетін бітірді. Қазақ газ өңдеу зауытының бірінші қадасын қаққан сәттен бастап осы мекемеде 1984 жылы Өрекеңнің отбасы қызмет бабымен Ақтауға көшкенге дейін әртүрлі қызметтерде, негізінен инженер болып жұмыс істеді. Ақтауға келгесін, «ММГ» АҚ-нда, арасында автокөлік кәсіпорнында диспетчер болып жұмыс істеді. Кейін «ОСК» ЖШС-нен зейнеткерлікке шықты.

1973 жылы бас қосып, отау тіккен Өрен мен Айсұлудың мерейін өсіріп, мәртебесін асқақтатып отырған үш баласы – екі ұлы мен бір қызы, олардан өрбіген 7-8 немерелері мен жиендері бар. Үлкені Жеңісбек 1975 жылы туған, Ақтаудағы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетін бітірген. «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасында цех бастығы, «ММГ» АҚ-нда өндіріс жөніндегі департаменттің бастығы, «АНС» ЖШС-нде директордың орынбасары, облыстық әкімдіктің инновациялық технологиялар басқармасының бастығы болып жұмыс жасады. Қазір «Қансу оперейтинг» ЖШС-нің бас инженері. Ортаншысы Жазира Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университетін бітірген. Қазір «ОСК» ЖШС-нің жоспарлау департаментінде жетекші экономист маман болып жұмыс істейді. Оның жолдасы да мұнай саласында, «Қаражанбасмұнай» АҚ-нда механик болып еңбек етеді. Кенжесі Нұрлан екі бірдей оқу орнын – әуелі Қазақ экономика университетін, сосын Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетін бітірді. Қазір «Қаламқасмұнайгаз» өндіру басқармасы өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші маманы болып қызмет етеді. Үш баласы – үш үй. Өрекең мен Айсұлу кіші ұлы Нұрланның қолында, немерелерінің тәтті қылықтарына тоймай, ардақты ата-әже болып, қызықты ғұмыр кешуде. Қашанда қазақи тәлім-тәрбиені берік ұстанатын Сағындықовтар әулеті 2014 жылы облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, жүлделі орынға ие болды.

«Мен өзімді бақыттымын деп есептеймін. Шүкір, ойымдағының бәрі орындалды. Бала-шағамның бәрі жақсы, тәрбиесі де, тәртібі де түзу. Бұдан басқа не керек бізге?! «Адамды қартайтатын – бала» дейді ғой, негізінде. Ал балаларыңның бәрі, тіфә-тіфә, жақсы болса, олар жөнінде қам жеп жатпасаң, үмітіңді, сеніміңді ақтап жатса, Құдайға шүкір, жан-жақ аман болса, одан артық не бақыт керек адамға?!» - дейді Өрекең.

«Қазір зейнет жасындағы Өрекеңде бұрынғыдай қапылыс жұмыс жоқ, мұнайды, өндірісті ойлап, уайымдамайды, тек арасында сырттай бақылаушы болып отырады» дегенмен, мұнай өнеркәсібінде жүрген кездері әлі күнге дейін түсіне кіреді.

- Мейлі, жас болсын, жасамыс болсын, кім болса да, әркім өзінің мамандығын сүйіп, соған жан-тәнімен беріліп жұмыс істеуі керек. Мәселен, менің мұнайдан кеткеніме 5-6 жыл болды. Соның өзінде кейде түнде түсімде сварка, иә болмаса, бір нәрсе жетпей жатады. Ұйқымнан «Ай, сварка қайда?» - деп немесе тағы бірдеңе деп сөйлеп оянамын.

Ал жалпы, адамның ең бақыты – қызметтен кеткеннен кейін ешкім сыртыңнан саусағын шошайтып көрсетіп, артыңнан: «Анау – жаман адам. Осыдан қорлық көрдім» деп немесе «Әй, кәпір!» деп айтпаса болды. Халықтың «Рахмет, көп жаса!» дегенінен артық бата-тілек жоқ. Шүкір, бұл жағынан абыройсыз емеспін. Әлі күнге әріптес болған жас жігіттер жағы анадайдан көрген кезде: «О, Өреке!» - деп келіп, қолымды алып, жарқылдап амандасып жатады. Ондайда «Ә, елге пайдам болмаса, көп зияным тимеген екен ғой» деп, іштей шүкіршілік етіп, қуанып қаламын. Адамға деген құрмет пен ілтипаттың деңгейі өзің қызметтен кеткен күні білінеді», - деп сөзін түйіндеді Өрекең.

Міне, сөйтіп, жуырда Маңқыстау мұнайының тағы бір майталманы 70 жасқа толды. Жетпіс жыл аз ба, көп пе? Тарих үшін таңдай қағуға тұрмайтын қас-қағым сәт болғанмен, адам баласы үшін артына жеті бірдей белесті қалдырған айтарлықтай уақыт, пенде ғұмырының жартысынан астам бөлігі. «Елу – ер шағың, алпыс – дер шағың, жетпіс – жер шағың, сексен – шер шағың, тоқсан – тор шағың, жүз – қор шағың» деген екен баяғы бабаларымыз. «Алпыста – арқан, жетпісте – шідер, сексенде – кісен, тоқсанда – тұсау, жүз – күдеріңді үз!» дегенді де айтқан – сол қазақ. Әлі бірақ жүздеспеген жүзбенен, өмірден еш күдерін де үзбеген, аттай шауып, арғымақтай желіп отырған, сол жүздің тең жартысынан астам жасқа енді ғана келіп отырған, жүзіне қарасаң – қаны тамған, жүрегіне қарасаң – әні тамған, нарттай болып, нағыз кемеліне келген шағында тұрған Өрен Сағындықұлы, тіл-көз тимесін, әлі қуатты, жүріс-тұрысы да ширақ, жас жігіттерше қимылдайды. Алла Тағала осы қалпыңыз бен абырой-бағыңыздан айырмай, алдағы уақытта да бақытты өмірдің бал-қызығын кеше беріңіз, «Қаламқасмұнайгаздың» қаранары, «Маңқыстаумұнайгаздың» майталманы!

**Рахат ҚОСБАРМАҚ,**
*Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі*

*Инновации*

# НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ РАСШИРЯЮТ ВОЗМОЖНОСТИ

**Как известно, мы живем и работаем в век новых технологий и инноваций. На смену морально устаревшим технологиям приходят куда более современные. В этой связи возникла необходимость внедрения новейшей установки, позволяющей обеспечить достоверность учета и контроля качества товарной нефти с минимальной погрешностью при приемо-сдаточных операциях.**

По заданию руководства АО «Мангистаумунайгаз» в 2011 году на месторождении Жетыбай начато строительство системы измерения количества и показателей качества нефти (СИКН). Установка находится на территории цеха подготовки и перекачки нефти производственного управления «Жетыбаймунайгаз» (ЦППН ПУ ЖМГ). В начале 2016 года опытно-промышленные испытания СИКН были успешно завершены.

Система измерения количества и качества товарной нефти состоит из нескольких узлов: блок фильтров, блок измерительных линий, блок измерений показателей качества нефти, блок поверочной установки и блок обработки информации.

Блок измерительных линий является составной частью коммерческого узла учета нефти месторождения. Именно здесь производится учет количества перекачанной товарной нефти. Он состоит из трех линий с лучшими в своем классе кориолисовыми массовыми расходомерами CMF 400 «Micro Motion» фирмы Emerson, с максимальным аттестованным расходом 330 т/ч каждая. Для проверки достоверности показаний массовых расходомеров применяется блок поверочной установки в составе стационарного компакт-прувера «Daniel» фирмы Emerson.

Блок измерения показателей качества нефти состоит из центробежных насосов с частотным регулированием, автоматического пробоотборника для формирования объединенной пробы нефти и поточного преобразователя плотности нефти «Solartron 7835» фирмы «Solartron Mobrey Limited» (Великобритания).

В состав блока обработки информации входят два контроллера расхода «FloBoss S600» фирмы Emerson, обеспечивающие решение широкого спектра задач, где особенно важны повышенная точность расчетов при учете нефти. Данные средства измерения являются "интеллектуальными" - не только измеряют, но и обрабатывают информацию. Передача информации от полевых приборов к системе осуществляется посредством цифровых протоколов, позволяющих передавать значительные массивы информации и исключающих дополнительные погрешности, связанные с передачей и преобразованием измеряемых параметров.

Управление технологическим процессом СИКН реализовано на базе цифровой системы «Delta V» (Emerson), то есть все технологические параметры, расход, давление, температура, плотность нефти и т.д. выведены на мониторы автоматизированного рабочего места оператора, где отображаются и регистрируются результаты измерений.

По словам начальника ЦППН Алтая Альсихова, благодаря автоматизированной системе узла учета операторы цеха, которые раньше все делали вручную, теперь «рулят» из операторной. Они отслеживают все параметры на мониторе компьютера и оттуда управляют технологическим процессом, запускают и останавливают перекачку нефти, регулируют режим откачки, распечатывают автоматически сформированные отчеты товарной нефти и т.д.



В случае сбоев они могут оперативно отреагировать и принять верное решение для локализации возникшей ситуации.

- Здесь проводятся все замеры, наши операторы следят, чтобы транспортируемое «черное золото» по параметрам соответствовало ГОСТу. По этим и многим другим параметрам готовится протокол качества. Система учета абсолютно прозрачна как для заинтересованных работников АО «Мангистаумунайгаз», так и для специалистов МНУ АО «КазТрансОйл». Сегодня наш главный помощник – компьютер, который облегчает контроль за бесперебойной работой оборудования, - добавляет начальник ЦППН Алтай Альсихов.

Такой узел учета по сравнению с традиционным (резервуарный метод) имеет следующие преимущества: многофункциональность, автоматизированный учет, снижение погрешности измерений, увеличение производственной и экологической безопасности, прямое измерение массового расхода. Использование массовых расходомеров существенно понижает трудоемкость и затраты, связанные с проведением поверочных работ.

Метрологическое обеспечение узла коммерческого учета имеет первостепенное значение. Согласно требованиям Госстандарта РК, поверка средств измерений происходит на месте и на рабочем продукте в рабочих условиях, таких как, температура, давление, плотность и состав нефти.

- Сегодня ни одна отрасль техники не может существовать без метрологического обслуживания, а решение задач по повышению эффективности производства и качества продукции находится в прямой зависимости от метрологического обеспечения. Техническое обслуживание КИПиА, включающее и метрологическое обеспечение на СИКН, производится специалистами ТОО «Мунайтелеком», - рассказывает директор Департамента автоматизации, IT и связи Ербол Мукашев.

Ввод СИКН в промышленную эксплуатацию планируется в мае 2016 года.

Большой вклад в реализацию проекта СИКН внесли Бауыржан Жанбуршин, Абай Куванов, Нурлан Назарбек, Алтай Альсихов, Ербол Мукашев, Александр Кабаргин, Жахан Избасаров.

Исходя из накопленного опыта, Правление Общества ставит вопрос о необходимости строительства и ввода в эксплуатацию новой СИКН на территории ЦППН ПУ «Каламкасмунайгаз». Это позволит с минимальной погрешностью обеспечить достоверность учета и контроля качества нефти при приемо-сдаточных операциях между АО «Мангистаумунайгаз» и МНУ АО «КазТрансОйл».

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

*Ұлы Жеңіске - 71 жыл*

# Майдангерлер рухы үшін

Тарихымызда ел есінен кетпейтін ұлы оқиға - Екінші дүние жүзілік соғысындағы халықтың басынан кешкен қайғы-қасіреті мен майдан жәнс тылдағы бірдей көрсеткен өшпес ерлігі арқасында жеткен Ұлы Жеңіс мерекесін «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жақсы істермен атап өтуде қалыс қалған жоқ.

Жетібай кентінің белгілі азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері, №3 орта мектепте көп жылдар директор болған, ұстаздық еткен Зердебай Бекарыстанов Сталинград майданындағы ерлігі үшін III дәрежелі «Даңқ», I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған. Соғыстан кейін Қарақия ауданының Қызылқұм, Тельман, Жетібай жерлерінде мұғалімдік қызмет атқарған Зердебай аға «ҚазССР ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісі, «Құрмет белгісі» ордені, «Ы.Алтынсарин» атындағы, «Ерлік еңбегі үшін» және Жеңістің мерекелік медальдарына ие болды.

«Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі терең білімі мен ізденісінің арқасында жергілікті ақын-жыраулардың әдеби мұраларын жинаушы ретіндегі еңбектері мектеп оқулықтарына енгізілген ғалым-ұстаз Зердебай Бекарыстановқа былтыр өзі қызмет еткен мектеп қабырғасына ескерткіш-тақта орнатып, ардақты тұлғаның өңір тарихында мәңгі сақталуына атсалысты. Серіктестіктің әлеуметтік-әкімшілік бөлімінің бастығы Арғын Сармыс тақтаны дайындатып, өз қолымен мектеп қабырғасына орнатты. Ескерткіш тақтаны ашу салтанатына Қарақия ауданының әкімі Ә.Дауылбаев, Жетібай кентінің әкімі Қ.Асанов, Зердебай Бекарыстановтың көзін көрген ардагер-ұстаздар, демеушілік көрсетіп отырған компания директоры И. Жақсымбетов қатысты.

Қазір сұрапыл жылдардағы тыл еңбеккерлері мен соғыс ардагерлерінің мәртебесі бірдей. Қан майдан мен тылда бірдей жанкешті шайқас өтті. Жеңіс – бұл халықтың жаппай ерлігінің нәтижесі.

Әлеуметтік саясат тобы назарынан «ОСС» компаниясынан зейнеткерлікке шыққан тыл ардагарлері де тыс қалып көрген емес. Биыл да жылдағы үрдіс бойынша мереке қарсаңында директордың адам ресурстарын басқару, еңбекақы төлеу, нормалау және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Наурыз Сәтов пен әлеуметтік-әкімшілік бөлім бастығы Арғын Сармыс мырзалар, әлеуметтік мәселелер жөніндегі маман Гүлназ Байболова мен жастар Кеңесінің мүшелері Аида Гасанова, Надежда Степановалар ардагер аталардың үйлерінде болып, хал-жағдайларын біліп, сұхбаттасып, Ұлы Жеңіс күнімен құттықтай отырып, бағалы сыйлықтар табыс етті.

# Соғыс жалмаған балалық шақ

«Бәрі де Жеңіс үшін, бәрі де Отан үшін» деген ұранмен еңбек еткен тылдағы жұмысшылардың өмірі ерлік деуге лайық.

Сұрапыл соғыс жылдарында жастайынан ауыр жұмысқа жегілген жеткіншектердің бірі - **Айтуған Балиев** 1928 жылғы 10 мамырда Шебір елді мекенінің Қарғалы қазба жерінде, шаруа отбасында туған. Соғыс басталғанда 13-ке жаңа толған бала «1-Май» кеңшарында ересектермен бірге пішен дайындауда жұмыс істеді. Оқу туралы ойлауға да мұрша болмай, 16 жасқа толар-толмастан ет дайындау пунктінде қабылдаушы болып жүрді. Соғыс зардабын шеккен елмен бірге аш құрсақ, жұтаң киіммен жүріп, Кеңес армиясын, жұмысшыларын етпен қамту үшін Ресейдің Ор қаласына айлап жүріп мал айдау тауқыметін де бір адамдай көрді.



1947 жылы 9 сыныптық білім алғаннан кейін ауылдағы мектепке мұғалім болып орналасты. 1954 жылы Маңғыстауға алғаш келе бастаған мұнай іздеу-барлау мекемесінде (МНГР) 6-дәрежелі бұрғылаушы болып бастап, мұнай барлау-өндіру ісінде бірнеше мамандық бойынша талмай қызмет етті. 1986 жылдан бастап, ПМК-3 мекемесіне ауысып, осы жерден зейнеткерлікке шыққан болатын. Көп жылғы еңбегі еленіп, бірнеше грамота, медальдармен, «Жеңістің 70 жылдығы» медалімен марапатталған. Жұбайы Қарагөз Кекілбаева екеуі тоғыз бала өсіріп, жоғары білім беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған саялы қос бәйтеректей бүгінгі күні немере-шөбере қызығын көріп, бақуатты өмір кешуде.

Тылда еңбек еткен ардагердің бірі - **Мұқаш Сүйінов.** Әке-шешесінен бірдей айырылып, бес сыныптық білім алды. Бұғанасы қатпаған бала жастайынан жұмыс істеуге мәжбүр болды. Үкіметтің маңызды ауыл шаруашылық нысанында жұмыс



істейтін жұмысшысы ретінде броньмен соғыс майданынан босатылып, кеңшарда жұмысшы болып еңбек майданының көрігін қыздырды. Қандай тапсырма берілсе де бұлжытпай орындап, темірдей тәртіппен соғыс жағдайында еңбек етті. Қажыр-қайраты мен ынтасының арқасында жаңа мамандықтарды игерді. Алып құрылыс - Қарақұм каналында бетоншы-арматурашы қызметін атқарды. 1997 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы автомобиль жолдары басқармасында бульдозерші болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты. Көп жылғы еңбегі ескеріліп, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен, Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы құрметіне "Еңбек ардагері" медалімен марапатталды. Зайыбы Шолпан Машырықова екеуі он бала тәрбиелеп өсірген үлгілі отбасы. Ұлдары еңселі үй болып, қыздары өсіп-өнген ел болған қадірлі ақсақалдың жасы бүгінде тоқсаннан асты.

Ендігі кейіпкеріміз лезгин ұлтының өкілі - **Атакиши Ахмедханович Атакишиев** те тыл майданында он екі жасынан күркіреп ұшқан жау самолеттерінің астында жүріп, Баку мұнай кәсіпшілігінде елде қалған аз ғана азамат болып, ана-апаларымен бірге ұңғымаларды құмнан тазарту жұмыстарын атқарды. Күніне картоп пен 800 грамм нанды талғажау ете жүріп, шток пен құбыр көтеру өте ауыр болатын. Түнде кезекшілікке тұратын, жұмысқа бір минут та кеш қалуға болмайтын. Шылым шеккендер қатаң жазаланатын. Себебі түнгі барлаушы жау ұшқыштарының көзіне кен орны түспеуі керек. Темірдей қатаң тәртіп, жеңіске деген риясыз сенім жеткіншектің соғыстағы әке-ағаларына жауды жеңуіне керекті мұнайды шығаруды тоқтатпауға бар күшін салуына дем берді. Атакиши кішкентай болса да аналарынан қалыспай, құны ащы термен өте қымбат түсетін норманы 300 пайыз орындағаны әлі есінде. Кәсіпшілікке электр монтеры болып орналасып, соғыс аяғына дейін шебердің көмекшісі қызметіне дейін көтерілді. Соғыс аяқталғасын мектепке барып, оқуын бітіріп, үйлі –баранды болды. 1963 жылы Маңғыстау мұнайын игеруге атсалысты.

Атакиши қарт денсаулығы мықты, өрбіген ұрпағының ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Қарт мұнайшы енді мұндай



сұмдықтың қайталанбауын, аспанымыз әрдайым ашық, халқымыз аман, ғажайып жерімізде мәңгі бейбітшілік орнағай деп тілейді.

Қаһарлы соғыстың қатаң сабағын ұғынып, оның зұлматының қайталанбауы үшін қызмет етіп, адамзатқа қарсы зұлымдық істелуіне жол бермейтін ұрпақ тәрбиелеу маңызды іс. Осындай жастар санасына тиімді әсер ететін, оң жолға бағыттайтын тәрбиелік жұмыстар одан әрі де жалғаса береді деген сенімдеміз. Ардагерлер өмірінің кейінгі ұрпақ алдындағы орасан зор еңбегінің жақсы үлгісі жадымызда сақталып, бейбіт еңбекке, отансүйгіштік рухтың берік қалыптасуына жол көрсете бергей!

**Айман Есбосын**
«Oil Construction Company» ЖШС

*Компания тынысы*

# Жақсылық-жанға азық



Әрқашан ізгілікті істің жанынан табылатын "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесі Ақшұқыр ауылында тұратын тұрмысы төмен отбасыға қол ұшын берді.

Жайманова Мәриям үш баланың анасы. Кенже ұлы тумысынан мүгедек. Бұл отбасы үшін әр адамның жылы сөзі де, ыстық ықыласы да азық. Үш баласының күн көрісіне алаңдап отырған жалғыз басты ана, жанашыр жастардың қайырымдылығына шын қуанды.

- Қазір мұндай игі шараларды жиірек қолға алсақ деп отырмыз. Өйткені, қоғамымызда қаншама адам, қаншама отбасы көмекке мұқтаж. "Көп түкірсе - көл" демекші, әрбір жас қайырымдылық шарасына мейлінше атсалысса, қамкөңіл жандар азаяр еді, - дейді жас мамандар Кеңесінің белсенді мүшесі Әсел Сейдешова.

Елдің ертеңін, ұлттың болашағын жүрегінде жылылық пен қамқорлық қатар жүретін осындай жастардың қолында. Жақсылық жасаудан жалықпайық!

# Алаудағы сенбілік

**«Ауылына қарап, азаматын таны» демекші өлкеміздің айнадай ажары мен мұнтаздай тазалығы әрқашан басты назарда болуы қажет. Осы орайда, 30-сәуір күні «Алау» балалар сауықтыру демалыс лагерінде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің «Жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен сенбілік өтті.**

Сенбілікке ұйымшылдықпен қатысқан компания жас мамандар Кеңесінің мүшелері жазғы демалыс аумағын қоқыс қалдықтарынан тазартты. Тәуелсіздігіміздің 25-жылдығына орай, 25 түп көшет отырғызды.

- Бүгін сенбілікке ұйымшылдықпен қатысқан әрбір жасқа алғыс айтамын. Алдағы уақытта сенбілік өткізу жиірек қолға алынса нұр үстіне нұр емес пе? Мұнайшы балаларының жазғы демалыс орны таза әрі жасыл желекпен жайқалғанын қалаймын. Өйткені, балдырғандардың ең қызықты да қуанышты сәттері осы жерде өтпек, – дейді жас мамандар Кеңесінің төрағасы Шыңғыс Әбдіров.



«Алау» балалар сауықтыру демалыс орнының басшылығы жазғы маусымның жақындағанын айта келіп, сенбілікке біркісідей атсалысқан жас мамандар Кеңесіне өз ризашылығын айтты.

Сенбілік соңында «Алаудың» ажары кіріп, келбеті келісе түсті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген осы.

*Әлеуметтік қамту*

# Жазғы лагерь шақырады

**Оқу жылы аяқталуына санаулы уақыт қалды. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру бағытында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы тарапынан алынып жатқан шаралар туралы біз әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаменті директорының орынбасары Нұрлан Илмуханбетовпен сұхбаттасқан болатынбыз:**



- «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігімен бірлесе отырып, жыл сайын компания қызметкерлері балаларының жазғы демалысын ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Бұл компанияның өзінің жұмысшылары алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі.

Өздеріңіз білесіздер, жыл сайын балалар көршіліс шетелдерде демалатын еді. Биыл сырт елдердегі қалыптасып отырған саяси тұрақсыздыққа байланысты балалардың қауіпсіздігі үшін мұнан бас тартып отырмыз. Жеткіншектерді табиғатымен тамсандырар Қазақстанның сауықтыру орталықтарына жіберу бағытында шаралар алынуда.

Бүгінгі таңда Ақтау қаласы маңындағы теңіз жағалауында орналасқан «Алау» балаларды сауықтыру орталығына 1300 баланы демалтуды көздеп отырмыз. Маусым –тамыз айлары аралығында 15 күннен 260 бала кезектесіп, 5 кезеңмен демалады деп күтілуде.

1987 жылы компания күшімен салынған нысанда жыл сайын мұнайшы балалары сауығып, демалады. 2015 жылы жаңа инвесторлардың келуімен орталыққа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, балалар мен ата-аналардың сұранысы бойынша жүзу хауызы салынды. Нысан толықтай қоршалып, ауыз суын сақтауға арналған сыйымдылық ауыстырылды.

«Алау-Ақтау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі заманның сұранысына сай демалыс маусымын жоғары деңгейде ұйымдастыруды міндетіне алып отыр. Лагерь аумағын абаттандыру, тазалық, қоғамдық тамақтандыру, балалардың бос уақытын мазмұнды, көңілді ұйымдастыру бағытында кең ауқымды кешенді шаралар жоспары жасақталды. Биылғы бағдарламада балаларды ойын алаңдарына, кинотеатрларға, мұражайлар мен хайуанаттар бағына, Маңғыстау облысындағы киелі жерлерге апару жоспарланған. Жеткіншектер тек демалып қоймай, жаңа оқу жылына күш-қуат жинайды, ой-өрістерін, эстетикалық талғамдарын кеңейтеді. Қысқасы, балаларды әр күні шаттық пен қуанышқа толы жарқын жаз күтуде.



Лагерьге қатысты сауалдарыңызбен әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлімге, **211-382** телефоны арқылы хабарласып, қосымша ақпарат алуыңызға болады.

### Орал қаласындағы «Евразия» сауықтыру лагеріне қабылдау кестесі

| Кезең | Уақыты | Жиналу орны (ММГ ғимараты) | Күтіп алу орны (ММГ ғимараты) |
|---|---|---|---|
| I | **04.06 – 18.06** | 04.06 - 14:30 | 18.06 – 09:15 |
| II | **16.06 – 30.06** | 16.06 – 14:30 | 30.06 – 09:15 |
| III | **28.06 – 12.07** | 28.06 - 14:30 | 12.07 - 09:15 |
| IV | **10.07 – 24.07** | 10.07 – 14:30 | 24.07 - 09:15 |

### Қостанай қаласындағы «Мерей» сауықтыру лагеріне қабылдау кестесі

| Кезең | Уақыты | Жиналу орны (ММГ ғимараты) | Күтіп алу орны (ММГ ғимараты) |
|---|---|---|---|
| I | **15.06 – 29.06** | 15.06 - 06:00 | 29.06 – 09:00 |
| II | **21.06 – 05.07** | 21.06 – 06:00 | 05.07 – 09:00 |
| III | **17.07 – 31.07** | 17.07 - 06:00 | 31.07 - 09:00 |
| IV | **19.07 – 02.08** | 19.07 – 06:00 | 02.08 - 09:00 |

**** Назар аударыңыздар, кестеге қатысты өзгерістер болуы мүмкін***

# Жеңіс – біздің қолда



Сәуір айының 23-ші жұлдызында Ақтау қаласында Маңғыстау облыстық кәсіподақ орталығы мен өлкеміздегі мекемелердің кәсіподақ ұйымдарының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай жұмысшы жастар арасында волейболдан жарыс өтті. Бұл спорттық шара алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Жарысқа облысымыздың ірі өндіріс мекемелері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай», «МРЭК», «Бұрғылау», «Oil Transport Corporation», «Oil Service Company», «Oil Construction Company», «Techno Trading LTD», «Caspibitum», «УТТиОС», «Қазақ-телеком», «Мұнай-телеком», «Жөндеу», сондай-ақ «Теміржол жастары», білім басқармалары, коммуналдық мекемелердегі кәсіподақ ұйымдарынан жасақталған 19 команда қатысып, бақтарын сынады.



- Бүгін сіздер волейбол алаңында өз мекемелеріңнің абыройын қорғайсыздар. Бұл ерекше жарыс Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесінің аясында және Қазақстан халқының бірлігі Күні қарсаңында өтуде. Жеңістер мен сәттіліктер тілеймін, - деп Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Бану Нұрғазиева, жарысқа қатысушыларға тілегін білдірді.

- Жарысқа қатысуға ниет білдірген командалар көп болды. Жарыстың бір ерекшелігі – әр команда 4 ұл мен 2 қыз баладан жасақталып, бақтарын сынады. Бүгін жұмысшыларды спортпен айналысуға шақырып, салауатты өмір салтын насихаттап, үздіктерді анықтамақпыз. Бұл алдағы өтетін шараларымыздың басы ғана, - деді облыстық кәсіподақ орталығының төрағасы Қайрат Жаңабеков.

Кәсіподақ жетекшісінің айтуынша, алдағы уақытта кәсіподақ ұйымының беделін көтеру мақсатында жұмысшы жастар арасында «Жайдарман» көңілді тапқырлар ойыны мен танымдық - өлкетану экспедициясы ұйымдастырылмақ.

Өлкенің волейболшылары тайталасқан жарыс зор тартыспен, жеңіске деген додалы бәсекемен өткенін айта кеткен жөн. Бір ерекшелігі – волейболдан жарыстың мұндай көлемде алғаш рет өтуі. Жан алып, жан берісні тартысты додада бас жүлде – Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығы төрағасының Кубогы біздің компанияның қанжығасында кетті. «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының өкілдері жеңімпаз атанса, екінші және үшінші орындарды «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы мен Маңғыстау гуманитарлық колледжі өзара бөлісті.

Осы спорттық шараның демеушісі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі болды. Бірлестік төрағасы Талғат Айдынов осы жарыстың басы қасында болып, ұйымдастыруға ат салысып, командамызға қолдау көрсеткенін айтып өткіміз келеді.

«Жарысты ұйымдастыруға ұйытқы болған Маңғыстау облыстық кәсіподақ орталығына және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай», «МРЭК», «Бұрғылау», «Oil Transport Corporation», «Oil Service Company», «Oil Construction Company», «Techno Trading LTD», «Caspibitum», «УТТиОС», «Қазақтелеком», «Мұнайтелеком», «Жөндеу», коммуналдық мекемелердің, білім басқармаларының кәсіподақ ұйымдарына алғысымыз шексіз. Мекеме жұмысшылары арасында салауатты өмір салтын насихаттайтын осындай спорттық шаралар алдағы уақыттада жалғасын табарына сеніміміз мол - дейді жарысқа қатысушылар.

Жарыс жеңімпаздары Маңғыстау облысы әкімі А. Айдарбаевтың атынан арнайы сыйлықпен, сондай-ақ Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығы төрағасының Кубогімен медальдарымен марапатталды.




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, С.Ғалидуллин, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 215-267, 211-230 212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілііп, беттелді.
Индексі: 64265

"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 17 ш/а.
тел: 525500